

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## §7. Қимақ мемлекетінің құрылуы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
29.01.2018СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/28029/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Актымбаева Махаббат Бакытқызы****Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** IX ғасырдың соңы-XI ғасырдың басында Қазақстанның солтүстік шығыс, орталық аймағын мекендеген қимақ қағанатының тарихымен таныстыру;

**Дамытушылық:** Оқушыларды қимақ қағанаты мен өзге түрік халықтарының қоғамдық-саяси тарихы, шарушылығы, қолөнеріндегі ұсастырқар мен ерекшеліктерін анықтап, өздігінен жұмыс жасап, қорытындылауға дағдыландыру.

**Тәрбиелілік:** Қимақтықтардың темір өнімдері мен зергерлік бұйымдар жасаудың шеберлері болғандығын түсіндіре отырып, шеберлікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** аралас**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, карта.**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі**

- Оқу құралын тексеріп түгелдеу
- Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

**II. Үй тапсырмасын сұрау:**

1. Оғыз мемлекеті қашан және қай аумақта құрылды?
2. Мемлекеттің құрамына қандай тайпалар кірді?
3. Оғыз мемлекетінің қоғамдық құрылысы қандай болды?
4. Оғыз мемлекеті сыртқы саясатта қандай мақсаттарды көздеді?
5. Оғыз мемлекетінің әлсіреуіне қандай жағдайлар әсер етті?

6. Мемлекеттің қолөнері мен шаруашылығы туралы не, білесің?
7. Оғыздардың қазіргі ұрпақтарына қандай халықттар жатады?

### III. Жаңа сабақтың жоспары:

1. Қимақ қағанатының тайпалық құрамы. Жер аумағы.
2. Қағанаттың қоғамдық құрылысы.
3. Қағанаттың саяси жағдайы.
4. Шаруашылығы.
5. Қолөнері.
6. Мәдениеті.

Мемлекеттің орталығы Ертістің орта алабында болған. Қимақтар 7 ғасырда Алтайдың солтүстігіне, Ертісжағалауына орналасып, БатысТүркіқағанатының құрамына кірген. 8 ғасырда қимақ тайпалары Ертістің орта ағысын мекендеді. 9 ғасырдың алғашқы жартысынан Жетісудың солтүстік-батысындағы Алакөлеймағына қоныстана бастады. Олардың батыс шекарасы Оңтүстік Оралдың шығыс бөлігі мен Арал жағалауларына дейін жетті. 10 ғасырдың ортасында қимақтар шығыстан батысқа қарай ойысты. Олар Оңтүстік Орал тауының оңтүстік және оңтүстік-батыс бөктерінде, Каспий жағалауында көшіп-қонып жүрді. 10 ғасырдың ақырында қимақтардың біртөбі Сырдария жағалауына қарай жылжып, Түркістанның мұсылман облыстары мен араласты. 11 ғасырда Орталық Азия тайпаларының батысқа қарай ойысуы нәтижесінде қимақтардың орналасу картасы өзгерді. Махмұт Қашқаридың імақтар (қимақтар) туралы деректері (11 ғасыр) осы уақытқа саяды. «Диуанилұғатат-түрkte» берілген картада імақтар өздері біртұтас топ болып тұрған Ертістің жағалауындағы жерлерде ғана көрсетілген. 656 жылы Батыс Түрік қағандығы тарағаннан кейін қимақтар өз алдына бөлініп шықты. 840 жылы Турфан қағандығы ыдырағаннан кейін оның құрамындағы эймур, баяндур, татар тайпалары қимақтарға қосылды. Қимақ тайпалары федерациясының қалыптасуы осы кезге сай келеді. Гардизидің баяндауынша, қимақтардың тайпалық одағы алғашында жеті тайпадан: эймур, імақ, татар, баяндур, қыпшақ, ланиказ, ажлад тайпаларынан құрылған. Шамамен, 9 ғасырдың ортасы мен ақырында қимақтар оғыз көсемдеріне қаңғар-печенег тайпалары мекендеген Сырдария алабы мен Арал жағалауларын жаулап алуға белсенді көмек көрсетті. Қимақтар тоғыз оғыз және Енисейдегі Қырғыз мемлекеттеріне әскери жорыққа шығып, 8-9 ғасырлардың екінші жартысында Орталығы Ертістен Жоңғар қақпасына дейінгі аймаққа бекініп алды. Сөйтіп, Қимақ мемлекетінің құрылуына қадам жасалды. Қимақ қағанаты туралы алғашқы деректер 9 ғасырдың ақыры мен 10 ғасырдың бас кезіндегі араб тілдеріндегі тарихи геогр. шығармаларда

кездеседі. «Түркістан мен түріктер, – деп жазады әл-Якуби (9 ғасыр), – бірнеше халықтар мен мемлекетке бөлінеді, соның ішінде қарлұқтар, тоғыз оғыздар, қимақтар және оғыздар бар. Түріктердің әртайпасыжекемемлекетжәнебірімен-бірісоғысыптұрады». Қимаққағанатықұрылғанкүнненбастаполардыңпатшаларыеңжоғарғытүрікатағыменхақан (немесеқаған) деп аталды. Олжабұғатағынанекідәрежежоғары.Қимаққағанатыүлестік-тайпалыққұрылымдаболды. Елдіхақан мен оныңаймақтардағы он бірмұрагері (әмір) биледі. Ел билеушілерібіржағынанәскерикөсемдерболды да, хақаннан тиісіншеүлесалды. Әрбіриеліктерхақанғабелгілікөлемдеәскерберіптұрды. Бұл мемлекеттесалықжиналған, көнетүркіжазуыболған.

#### IV. Сабақты бекіту:

- Қимақ қағанатының тайпалық құрамы мен құрылуы туралы қандай деректерді білесің?
- Картаны пайдаланып Қиак қағанаты қазақстанның қай аймағында орналасқанын көрсет.
- Қағанаттың қоғамдық құрылысы туралы не білесің?
- Қағанаттың саяси жағдайындағы басты бағыт қандай болды?
- Қимақтарда қолөнердің қай саласы жақсы дамыған?

#### V. Бағалау

**VI. Үй тапсырма:** Қимақ мемлекетінің құрылуы тақырыбын оқу.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.